

Бекітемін
«Қостанай облысы
әкімдігінің мәдениет
басқармасы» ММ
басшысы

Е. Қалмаков

2021 жылғы « » ақпан



**Нұржан Наушабаев атындағы
«Арқада Наушабайдың Нұржаны өткен...»
республикалық жыр-терме,
дәстүрлі ән орындаушылар байқауының
ЕРЕЖЕСІ**

Қасиетті Ұлы Дала үнінен қуат алып, әсем әндерімен тындарман жұртына шуақ берген ұлы өнер иесі Нұржан Наушабаевтың шығармашылығы - ұлттық музыка өнеріндегі қайталанбас дара құбылыс. Осы киелі мұраны кеңінен, тереңінен насихаттап ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу, талантты жастарымызды өнердің кәусәр бұлағынан нәр алғызып, шеберлігін шыңдауға ықпал ету мақсатында «Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы» ММ қолдауымен, «Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы мен кинобейнеқор орталығы» КМҚК ұйымдастыруымен 2021 жылдың қараша айында (уақыты қосымша хабарланады) Қостанай қаласында Н. Наушабаев атындағы республикалық жыр-терме, дәстүрлі ән орындаушыларының байқауын өткізеді.

Байқау шарттары мен үміткерлерге қойылатын талаптар

- байқауға Қазақстан Республикасы облыстарының өнер ұйымдарының өкілдері қатыса алады;
- байқауға қатысу жас ерекшеліктері: 18-35 жас;
- байқау жеке орындаушылар арасында өтеді;
- орындалатын шығарма 5 минуттан аспауы қажет.

Байқау екі кезеңнен тұрады

I-кезең

- қашықтықтан іріктеу кезеңі - қатысушы талапкер Н. Наушабаевтың шығармасынан орындаған бір әннің бейне-жазбасын hsb@ocsnt.kz электронды поштасына алдын-ала жібереді. Тыңдау арқылы өткен үміткер байқауға қатысу мүмкіндігіне ие болады

II-кезең

- Н. Наушабаевтың бір шығармасын орындау;
- екінші ән үміткердің таңдауы бойынша халық әні немесе халық композиторларының шығармасын орындау.

Бағалау өлшемдері

- шығармалардың ережедегі талаптарға сай болуы;
- орындаушылық шеберлігі, мәнерлігі, дауысының кендігі;
- сахна мәдениетін сақтай білуі.

Марапаттау жүлделері

- Бас жүлде (біреу);
- 1 орын (біреу);
- 2 орын (біреу);
- 3 орын (біреу);
- арнайы сыйлық.

Байқаудағы қазылар құрамы мен ұйымдастырушы тараптың талаптары

байқаудың қазылар алқасына еліміздегі музыка өнерінің қайраткерлері шақырылады. Қазылар алқасының шешімі талқылануға, қайтадан қаралуға түспейді. Байқау барысында қазылар тарапынан әннің толық орындалуы немесе тоқтатылуы (үміткердің ән орындау әлеуеті белгілі болған жағдайда жартылай орындалу) мүмкін;

қазылар алқасы барлық сыйлықтарды тағайындамауға, бір сыйлықты бөлуге құқылы, шешім хаттамамен рәсімделеді;

байқау лауреаттары қорытынды Гала-концертте тегін, ақысыз түрде өнер көрсетуге міндетті;

Гала концертке қатысушылардың құрамын және орындайтын ән бағдарламасын ұйымдастырушылар мен қазылар алқасы анықтап, бекітеді және бұлжытпай орындалуы талап етіледі.

Тамақтану, тұрғын жай, жол жүру

- ұйымдастыру комитеті қатысушыларды байқау уақытында тамақпен және тұрғын жаймен қамтамасыз етеді;
- қатысушылардың келіп-кету жол шығындарын жіберуші жақ төлейді (үміткердің ұстаздары, еріп келген кез-келген адам барлық шығындарын өздері көтереді).

Үміткерлердің тапсыратын құжаттары

- өтініш (қатысушының репертуары, авторларының аты-жөні толық жазылуы тиіс);
- жеке куәлігі құжатының көшірмесі;
- шығармашылық өмірбаяны;
- 9/13 сапасы жақсы электронды нұсқадағы суреті.

Өтініштерді тапсыру шарттары

- қатысушылардың өтінімдері hsb@ocsnt.kz электронды мекен-жай бойынша қабылданады (электронды хаттың тақырыбында міндетті түрде Республикалық дәстүрлі әншілер байқауына деп көрсетілуі керек).
- Қостанай қаласы, Лермонтов к-сі, 15 үй (байланыс телефоны: 8 (7142) 56-04-12, 56-01-29).